

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау - кен металлургия институты

Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасы

Бергенғалиев Акежан Бериктасович

Радарлық интерферометрия әдістерінің негізінде қозғалыстардың қауіпті учаскелерінің
карталарын құру

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7М07306 – Геокеңістіктік цифрлық инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы


Ө.А Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасы

7M07306 – Геокеңістіктік цифрлық инженерия

БЕКІТЕМІН

«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі
т.ғ.к., қауым. профессор

Мейрамбек Г.
«» 2025 ж.

**Магистрлік диссертацияны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Магистрант: Бергенғалиев Акежан Бериктасович

Тақырыбы: Радарлық интерферометрия әдістерінің негізінде қозғалыстардың қауіпті
учаскелерінің карталарын құру

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор 04.12.2023 жылы №548 -П/Ө бұйрығымен бекітілген
Аяқталған диссертацияны тапсыру мерзімі: « 19 » маусым 2025ж.

Магистрлік диссертацияның бастапқы деректері: бастапқы түсірілім және зерттеу нәтижелері

Магистрлік диссертацияда қарастырылатын сұрақтар тізімі:

а) InSAR және DInSAR технологияларының жұмыс принциптері мен ерекшеліктері

ә) Геоқауіпті аумақтарды бағалау мен картаға түсіруде радарлық интерферометрияның рөлі

б) Қауіпті аумақтар бойынша алынған деректерді визуализациялау

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

Жұмыс презентациясы слайдтарда 15 көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Нурпеисова М.Б., Омиржанова Ж.Т., Картбаева К.Т., Геодезические наблюдения на
Алматинском геодинамическом полигоне//«Горный вестник Узбекистана», Ташкент, ТашГТУ,
2018, С.63-74, ISSN 2181-7383

2. Нурпеисова М.Б., Картбаева К.Т., Анализ и интерпретация данных геодинамического
мониторинга // Вестник КазГАСА, №4(74), 2019, С.302-308. ISSN 1680-080X

3. Alkhasov A.B. Геоэкология нефтяных месторождений. – Москва: Недра, 2005.


4. Сейітов Қ.К. Мұнай кен орындарын игеру кезінде экологиялық қауіпсіздік. – Атырау: Х.
Досмұхамедов ат. АМУ, 2020

5. Геодезические методы изучения деформаций земной поверхности на геодинамических
полигонах (методическое руководство). –М.: ЦНИИГиК, 1985.-25с.


Магистрлік диссертацияны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, қарастырылған мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Кенқияқ кен орнының жалпы сипаттамасы және зерттеу аумағының тектоникалық ерекшеліктері	10.01.2025 ж	—
Радарлық интерферометрия және оның геодезиялық мониторингте қолданылуы	03.03.2025 ж	—
Кенқияқ кен орнындағы қауіпті аймақтарды анықтау және картографиялау	12.05.2025 ж	—


Аяқталған магистрлік диссертация үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдердің атаулары	Консультанттар, аты-жөні (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Кенқияқ кен орнының жалпы сипаттамасы және зерттеу аумағының тектоникалық ерекшеліктері	Байгурин Ж.Д. т.ғ.д., профессор	10.01.2025	
Радарлық интерферометрия және оның геодезиялық мониторингте қолданылуы	Байгурин Ж.Д. т.ғ.д., профессор	03.03.2025	
Кенқияқ кен орнындағы қауіпті аймақтарды анықтау және картографиялау	Байгурин Ж.Д. т.ғ.д., профессор	12.05.2025	
Норма бақылаушы	Айтказинова Ш.К. PhD., қауымдастырылған профессор	23.06.25	

Ғылыми жетекшісі

 Байгурин Ж.Д.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

 Бергенгалиев А.Б.

Күні

«19» 10 2023 ж.

АНДАТПА

Бұл магистрлік диссертациялық жұмыста Кеңияқ кен орны аумағындағы жер қыртысының қозғалысын бағалау және геодинамикалық қауіпті аймақтарды анықтау мақсатында радарлық интерферометрия әдістерін қолдану мәселесі қарастырылады. Қазіргі таңда пайдалы қазбаларды өндіру аймақтарында туындайтын техногендік жүктемелер жер бедерінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Соның салдарынан пайда болатын жер бетіндегі микросмещенциялар мен деформацияларды ерте кезеңде анықтау – нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Жұмыста қашықтықтан зондтаудың заманауи әдістерінің бірі – интерферометриялық синтетикалық апертуралы радар (InSAR) технологиясы қолданылды. Sentinel-1 спутниктерінің деректері негізінде Кеңияқ кен орнының 2020–2024 жылдар аралығындағы жер қыртысының қозғалыс динамикасы зерттеліп, қауіпті аумақтар карталары құрастырылды. Геодинамикалық деформациялардың кеңістіктік таралуы мен жылдамдық векторлары сандық және графикалық түрде талданды. Жұмыстың нәтижелері Кеңияқ кен орнына тән геодинамикалық қауіп-қатерлерді бағалау мен болжауға, сондай-ақ геодезиялық мониторинг жүйесін жетілдіруге ғылыми және практикалық тұрғыда үлес қоса алады.

АННОТАЦИЯ

В данной магистерской диссертационной работе рассматривается применение метода радарной интерферометрии с целью оценки движений земной коры и выявления геодинамически опасных зон на территории Кенкиякского месторождения. В условиях интенсивной разработки месторождений полезных ископаемых техногенные нагрузки оказывают прямое влияние на устойчивость земной поверхности. Возникающие в результате этого микросмещения и деформации требуют раннего выявления, что является важным условием обеспечения безопасности инженерных объектов.

В исследовании использована одна из современных технологий дистанционного зондирования – интерферометрия с синтезированной апертурой радара (InSAR). На основе спутниковых данных Sentinel-1 за период 2020–2024 гг. проанализирована динамика движения земной коры в районе Кенкиякского месторождения, а также составлены карты потенциально опасных участков. Пространственное распределение геодинамических деформаций и векторы скоростей смещений проанализированы в цифровом и графическом форматах. Полученные результаты вносят научный и практический вклад в оценку и прогнозирование геодинамических рисков, характерных для Кенкиякского месторождения, а также в совершенствование систем геодезического мониторинга.

ANNOTATION

This master's thesis investigates the application of radar interferometry methods for assessing crustal movements and identifying geodynamically hazardous areas within the Kenkiyak oil field. In regions of intensive mineral extraction, increasing anthropogenic loads directly affect the stability of the Earth's surface. As a result, early detection of surface micro-displacements and deformations becomes a critical factor in ensuring the safety and integrity of engineering structures.

The study employs one of the advanced remote sensing techniques – Interferometric Synthetic Aperture Radar (InSAR). Based on Sentinel-1 satellite data from 2020 to 2024, the dynamic movement of the Earth's crust in the Kenkiyak area was analyzed, and hazard zone maps were generated. The spatial distribution of geodynamic deformations and displacement velocity vectors was examined using both numerical and graphical methods.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Кеңқияқ кен орнының жалпы сипаттамасы	9
1.1 Кеңқияқ кен орнының географиялық және геологиялық сипаттамасы	9
1.2 Радарлық интерферометрияның жалпы қағидалары	11
1.3 Интерферометриялық өңдеу үдерісі	15
Бірінші тарау бойынша тұжырым	19
2 Радарлық интерферометрия және оның геодезиялық мониторингте қолданылуы	20
2.1 Қашықтықтан зондтау деректерін қолдану арқылы қауіпті аймақтарды анықтау	20
2.2 Интерферометриялық SAR (InSAR) әдісінің математикалық негіздері	22
2.3 Радарлық интерферометрия деректерін өңдеудегі шектеулер мен дәлдік мәселелері	24
Екінші тарау бойынша тұжырым	26
3 Кеңқияқ кен орнындағы қауіпті аймақтарды анықтау және картографиялау	28
3.1 Жер бетіндегі вертикальды және горизонтальды қозғалыстардың кеңістіктік динамикасы	28
3.2 Геодинамикалық қауіп карталарын құрастыру және талдау	30
3.3 Жер қыртысы қозғалыстарының қауіптілік деңгейлерін саралау және картографиялық визуализациялау	36
Үшінші тарау бойынша тұжырым	42
Қорытынды	43
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	44
А қосымшасы	46

Қысқартулар	Толық жазылуы
InSAR	Interferometric Synthetic Aperture Radar
DInSAR	Differential Interferometric Synthetic Aperture Radar
SAR	Synthetic Aperture Radar
DEM	Digital Elevation Model
GPS	Global Positioning System
GIS	Geographic Information System
GCP	Ground Control Point
SBAS	Small Baseline Subset Interferometry
PS-InSAR	Persistent Scatterer Interferometry
WRF	Weather Research and Forecasting model

Осы жұмыста келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады

InSAR (Interferometric Synthetic Aperture Radar) – Жер бетінің вертикаль бағыттағы деформациясын радарлық спутниктік суреттер арасындағы интерференциялық айырмашылық арқылы анықтайтын қашықтықтан зондтау әдісі.

DInSAR (Differential InSAR) – Уақыт бойынша әртүрлі кезеңде түсірілген радар суреттерінің айырмашылығын есептеу арқылы жер бетінің шөгу немесе көтерілу өзгерістерін жоғары дәлдікпен анықтайтын әдіс.

SAR (Synthetic Aperture Radar) – Синтетикалық апертуралы радар, бұл жер серігінен немесе ұшақтан белсенді радиосигналдар жіберу арқылы Жер бетін суретке түсіретін жүйе.

DEM (Digital Elevation Model) – Жер бетінің биіктіктерін цифрлық түрде сипаттайтын модель. Бұл модель жердің рельефін үшөлшемді бейнелеуге мүмкіндік береді.

GPS (Global Positioning System) – Жердегі объектілердің нақты координаталарын анықтайтын жаһандық навигациялық спутниктік жүйе.

GIS (Geographic Information System) – Географиялық деректерді жинау, сақтау, өңдеу, талдау және визуализациялауға арналған ақпараттық жүйе.

GCP (Ground Control Point) – Спутниктік немесе әуе суреттерін дәл географиялық координаталармен байластыру үшін қолданылатын жер бетіндегі нақты тірек нүктелері.

SBAS (Small Baseline Subset Interferometry) – InSAR әдісінің бір түрі, шөгу процестерін зерттеу үшін қысқа базалық интервалмен алынған радар суреттерін қолданып жоғары дәлдікті талдау жасау әдісі.

PS-InSAR (Persistent Scatterer InSAR) – Уақыт бойынша тұрақты радиосигнал шағылыстыратын нүктелер арқылы деформацияны жоғары дәлдікпен бағалауға мүмкіндік беретін InSAR технологиясының түрі.

WRF (Weather Research and Forecasting model) – Ауа райын зерттеу және болжауға арналған нумерикалық модель, атмосфералық жағдайларға байланысты жерсеріктік мәліметтерді интерпретациялау кезінде қолданылады.

КІРІСПЕ

Зерттелетін тақырыптың өзектілігі. Қазіргі таңда пайдалы қазбаларды өндіру аймақтарындағы техногендік жүктемелердің қарқынды өсуі жер қыртысының тұрақтылығына айтарлықтай әсер етуде. Бұл жағдай инженерлік инфрақұрылымдарға қауіп төндіріп, жер бетінің шөгінділері мен деформацияларын ерте кезеңде анықтау қажеттілігін туындатады. Радарлық интерферометрия әдістерін қолдану арқылы кең ауқымды аймақтардағы микроскопиялық қозғалыстарды дәл анықтау геодинамикалық қауіп-қатерлердің алдын алу және бақылау жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді [1]. Кеңқияқ кен орны – геологиялық құрылымы күрделі, техногендік әсерге ұшыраған маңызды өндірістік нысан, сондықтан бұл аймақтағы геодинамикалық жағдайды зерттеу – айрықша өзекті ғылыми әрі практикалық міндет болып табылады [3].

Жұмыстың мақсаты. Кеңқияқ кен орны аумағындағы жер қыртысының қозғалысын бағалау және геодинамикалық қауіпті аймақтарды анықтау үшін радарлық интерферометрия (InSAR) әдісін қолдану арқылы кеңістіктік талдау жүргізу және қауіптілік карталарын құрастыру.

Жұмыстың негізгі міндеттері:

- Зерттеу үшін Sentinel-1 спутниктік деректерін жинау және өңдеу;
- Интерферометриялық SAR (InSAR) әдісінің негізінде вертикальды және горизонтальды қозғалыстарды есептеу;
- Қозғалыстардың қауіпті шектерін бағалау және қауіптілік деңгейлері бойынша сараптау;
- Қауіпті аймақтардың геоақпараттық жүйеде визуализациясын және картографиясын жасау;

Зерттеу нысаны: Кеңқияқ мұнай кен орнының аумағындағы жер қыртысының қозғалыс динамикасы және техногендік әсерге ұшыраған геоаумақтар.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы: Бұл зерттеудің нәтижелері геодинамикалық қауіпті аймақтарды нақты анықтауға және пайдалы қазбаларды өндіру кезінде туындайтын деформация процестерін тиімді бақылауға мүмкіндік береді. InSAR әдісі негізіндегі мониторинг жүйесі геодезиялық бақылауды жетілдіріп, нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, алынған карталар мен мәліметтер болашақ инженерлік жобаларда шешім қабылдауға негіз бола алады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Қозғалыс жылдамдығы мен векторларының карталары жасалып, аймақтық геодинамикалық мониторинг жүйесінің негізі қаланды

Жұмыстың құрылымы мен көлемі: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан және 39 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 50 беттен, 28 суреттен және 2 кестеден тұрады.

1 Кеңқияқ кен орнының жалпы сипаттамасы және зерттеу аумағының тектоникалық ерекшеліктері

1.1 Кеңқияқ кен орнының географиялық және геологиялық сипаттамасы

Кеңқияқ мұнай кен орны Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысы, Темір ауданы аумағында 1-суретке сәйкес орналасқан. Ол Ақтөбе қаласынан оңтүстікке қарай 220 шақырым, Темір қаласынан 70 шақырым қашықтықта орналасқан. Ең жақын елді мекендерге Кеңқияқ және Саркөл ауылдары жатады. Тұз үсті мұнайлы құрылымның жалпы ауданы 2673,8 гектарды немесе 27,27 км² құрайды.

Аймақ геоморфологиялық жағынан жазық, жартылай шөлейтті белдеуде орналасқан. Жер бедері теңіз деңгейінен 170–230 метр биіктікте жатқан жазық және аласа қыратты болып келеді. Климаттық жағдайлары күрт континенттік сипатта: жазы ыстық және құрғақ, қысы суық. Жылдық жауын-шашын мөлшері шамамен 250 мм-ді құрайды.

Кеңқияқ құрылымы алғаш 1932 жылы анықталып, мұнай-газ әлеуетін бағалау мақсатында 1956 жылы алғашқы геологиялық барлау жұмыстары басталған. 1959 жылы төменгі триас (К-34 ұңғымасы) және орта юра (К-17 ұңғымасы) шөгінділерінен алғашқы мұнай ағыны алынған. 1961 жылға дейін жүргізілген іздестіру-бұрғылау нәтижесінде барлығы 42 барлау ұңғымасы, 1 параметрлік ұңғыма және 21 құрылымдық-іздеу ұңғымасы бұрғыланған.



1 - сурет – Зерттеліп отырған Кеңқияқ кен орнының орналасу картасы

Орта юра кезеңінің шөгінділерінде мұнайлы қатпардың өлшемі 8,5 × 4,5 км. Қатпардың солтүстік қанаты салыстырмалы түрде жайпақ болып, 2°–4°

бұрышпен еңістелсе, оңтүстік қанатында еңіс бұрышы шығысында 2° – 3° , ал батысында 7° -ға дейін артады.

Қатпар ортасындағы грабен аймағының түсу амплитудасы 50 метрге дейін жетеді. Бұл грабенді шектейтін лықсымалар көптеген ұңғымалардың қималарынан айқын көрінеді. Лықсыма жазықтықтары бір-біріне қарама-қарсы 45° – 50° бұрышпен еңістелген және кейбіреулері триас шөгінділеріне дейін жетеді. Солтүстік лықсыма оңтүстік шеттегі грабенмен қосылып, орта юра шөгінділерінің шекарасын құрайды.

Оңтүстік қанатта грабенге жақын орналасқан кіші көлденең лықсымалар байқалады, олар изогипстер арқылы айқындалады. Мұндай лықсымалардың амплитудасы 3-5 м, ал ұзындығы бірнеше жүз метрге дейін жетеді. Сонымен қатар, аз амплитудалы қабат ажыраулары грабен ішінде және солтүстік қанатта да кездеседі. Алайда олардың шағын амплитудасы бұл құрылымдардың мұнай өндіру үдерісіне айтарлықтай кедергі келтірмейтінін көрсетеді.

Кен орны тұзасты және тұзүсті мұнайлы-газды кешендермен байланысқан көпқабатты құрылым болып табылады. Мұнайлы қабаттар артин-сакмар, асель және кунгур ярустарының терригенді шөгінділерінде, сондай-ақ төменгі пермь мен ортаңғы карбонның карбонаттарында (КТ-I және КТ-II) орналасқан. Бұл қабаттар ашық қуыстылығы 9 -18%, өткізгіштігі 10^{-12} м² шамасында, мұнаймен қанығу дәрежесі 65-88%-ке дейін жететін жақсы коллекторлармен сипатталады.

Кенқияқ көтерілімі субмеридиандық бағытта $9,3 \times 5,4$ км аумақты алып жатыр, оның амплитудасы 250 м-ге дейін жетеді. Геологиялық құрылым постседиментациялық және унаследованный сипатта, яғни ежелгі шөгінділердің беткейлік көтерілуі нәтижесінде қалыптасқан.

Кенқияқ кен орны бірнеше өнімді горизонттан тұрады. Артин және сакмар қабаттарында мұнайдың дебиті $3,5 - 120$ м³/тәулік аралығында, КТ-II карбонаттарында – 120 м³/тәулікке дейін жетеді. Қабаттық қысым $51,6 - 80$ МПа, қабат температурасы $87 - 90^{\circ}\text{C}$. Кен орнындағы мұнайдың физико-химиялық қасиеттері жеңіл, метан-нафтен негізінде, тығыздығы $804 - 886$ кг/м³ аралығында.

Кен орны хлор-кальций типіндегі минералдануы жоғары ($119 - 204$ г/л) пласт суларымен сипатталады. Бұл суларда йод, бром, литий, бор сияқты элементтер өнеркәсіптік концентрацияда кездеседі. Су көздерінің газбен қанығу деңгейі $1400 - 9000$ см³/л аралығында. Бұл көрсеткіштер қабаттық судың мұнаймен өзара әрекеттескенін және жоғары энергетикалық режимін көрсетеді.

Кенқияқ мұнай кен орны – Прикаспий ойпатының шығыс жиегіндегі тұзасты мұнай қорының алғашқы әрі ең ірі ашылымы. Ол қазақстандық мұнай барлау тарихында стратегиялық мәнге ие нысан болып есептеледі. Кен орнының күрделі геологиялық құрылымы, мұнайдың әртүрлі терригенді және карбонатты қабаттарда орналасуы, жоғары өндірістік дебиттер мен ұзақмерзімді игеру перспективалары оны Ақтөбе облысының және бүкіл Қазақстанның мұнай өнеркәсібі үшін ерекше маңызды етеді.

Кеңқияқ кен орнының геологиялық құрылымында палеозой – пермь, мезозой – триас, юра, бор және кайнозой – төрттік жастағы шөгінді жыныстар қатысады.

Кеңқияқ кен орнының тұз үсті шөгінділері таралу жағдайларына байланысты екі учаскеге бөлінеді: Негізгі аймақ және Тік еңіс аймағы. Жалпы алғанда, кен орындағы тұз үсті мұнай кешенінің ауданы 2673,8 гектар (немесе 27,27 км²).

Ұңғымаларды бұрғылау және сынау нәтижесінде Негізгі аймақта келесі өнімді горизонттар анықталған:

- Төменгі бор жыныстарында – Баррем және готерив жыныстары;
- Орта юра жыныстарында – J2-I, J2-II, J2-III горизонттары;
- Төменгі триас жыныстарында – T1-I және T1-II горизонттары;
- Жоғарғы пермь жыныстарында – P2t горизонты.

Тік еңіс аймағында төменгі триас жыныстарында конгломерат горизонты, ал жоғарғы пермь шөгінділерінде III – XI горизонттары анықталған.

Кеңқияқ свитасы 1932 жылы ашылғанымен, барлау жұмыстары 1956 жылы басталып, алғашқы мұнай ағыны 1959 жылы алынған. Бұл нәтиже төменгі триас жыныстарындағы К-34 ұңғымасы мен орта юра қабатындағы №К-17 ұңғымасынан тіркелген. 1959–1961 жылдары аралығында 42 барлау, 1 параметрлік және 21 құрылымдық-барлау ұңғымалары бұрғыланды. Нәтижесінде мұнай жоғарғы пермь, төменгі триас, орта юра және бор жыныстарынан табылды.

1956 жылдың қазан айында Кеңқияқ көтерілімінде құрылымдық және барлау бұрғылауы басталды. К-17, К-27, К-34 ұңғымаларын бұрғылау кезінде юра және төменгі триас дәуірінің мұнаймен қаныққан құмдары мен құмтастары ашылды. Кейінгі жылдардағы зерттеулер нәтижесінде тек тұз үсті кешені ғана емес, тереңірек жатқан тұзасты шөгінділердің де мұнайлы екені дәлелденді.

Бұрғылау барысында алынған керн үлгілерінің негізінде кен орнындағы мұнай қоры есептеліп, 1962 жылы бұл есептеулер КСРО Мемлекеттік қорлар комитеті тарапынан А + В + С1 + С2 санаттары бойынша 110,9 млн тонна көлемінде бекітілді.


1966 жылы «Эмбанефть» бірлестігінің бұйрығымен «Кеңқияқнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы (НПУ) құрылды. 1997 жылдан бастап Қытайдың Ұлттық Мұнай Компаниясы CNPC бұл кен орнының 60% акциясын сатып алып, кейін ол CNPC-Ақтөбемұнайгаз АҚ деп атала бастады.

1.2 Радарлық интерферометрияның жалпы қағидалары

Радар – қозғалмалы нысандарды және олардың диапазондық бағыттағы жылдамдығын анықтау үшін микротолқынды сигнал қолданатын белсенді сенсорлық жүйе. Синтезделген апертуралы радар (SAR) – бұл ұзын антенна

эффектісін сандық сигналды өңдеу арқылы қалыптастыратын арнайы радар түрі.

Микротолқындар – толқын ұзындығы шамамен 1 миллиметрден 1 метрге дейінгі аралықтағы электромагниттік толқындар. SAR жүйесі осы микротолқын диапазонын пайдаланады. 2-суретке сәйкес Электромагниттік спектрдің жалпы көрінісі көрсетілген.



2 - сурет – Электромагниттік спектрдің диаграммасы

Осы зерттеу аясында SAR жүйесі – жер бетіне электромагниттік толқындарды бағыттап, қайтарылған сигналдарды қабылдау арқылы кескін жасайтын белсенді радарлық жүйе ретінде қарастырылады.

SAR жүйесінің басты артықшылықтары:

- Күн сәулесіне тәуелсіз, яғни күндіз де, түнде де жұмыс істей алады;
- Бұлт пен тұман арқылы жұмыс істейді, сондықтан барлық ауа райында түсірілім жасай алады.

1-кестеге сәйкес SAR жүйелері К-дан Р-диапазонына дейінгі микротолқындарды қолданады. Бұл диапазонның ерекшеліктері:


Кесте 1 – SAR-да қолданылатын микротолқын диапазоны

Диапазон	Ерекшелігі
К-диапазоны	Толқын ұзындығы жауын тамшыларына (әсіресе тропиктерде) ұқсас, сондықтан ауа райына сезімтал.
Р-диапазоны	Ұзын толқындылығы бар, бірақ ионосфера арқылы өтуде кешігуге ұшырайды.
Х, С, L-диапазондары	Көбінесе жерсеріктік SAR жүйелерінде қолданылады. Олар ауа райынан аз әсер алады.

Радарлық интерферометрия кемінде екі радарлық суретті қажет етеді. Бұл суреттерді алудың екі негізгі әдісі бар: қайта өтумен түсіру (repeat-pass) және бір өтумен түсіру (single-pass). Repeat-pass әдісінде бір антенна бір аймақты бірнеше уақыт аралығында қайта түсіреді. Single-pass әдісінде ұшақ немесе ғарыш аппаратына орнатылған екі бөлек антенна бір уақытта сурет

түсіреді. Бұл әдісте 3-суретке сәйкес бір антенна сигнал жібереді және қабылдайды, ал екінші антенна тек қабылдаушы ретінде жұмыс істейді.

Repeat-pass SAR интерферометриясында бір аймақтың екі суреті екі түрлі орбитадан алынады, мұнда орбиталардың аз ғана ығысуы интерферометриялық негіз (baseline B) құрайды. Мұндай жүйеге ENVISAT ASAR, ERS-1, ERS-2 SAR, ALOS PALSAR және RADARSAT спутниктері жатады.



3 - сурет – SAR интерферометрі бір аймақты екі мәрте суретке түсіру сәті

2-суреттегі геодезиялық ақпарат жер бедері туралы мәліметті екі SAR суретінің фазалық айырмашылығы арқылы шығаруға мүмкіндік береді. Repeat-pass InSAR геометриясының схемасы 4-суретке сәйкес көрсетілген. S1 және S2 екі ракурстан алынған суреттер, биіктігі H және жер бетіндегі түсіру нүктесіне R1 және R2 қашықтықтары арқылы белгіленеді. Радар антеннасының бақылау бұрышы – θ , ал B база арқылы көрсетілген бұрыш альфа. $B \perp$ - екі сурет арасындағы тік база. Рашшырым нүктесінің биіктігі мен тригонометриялық теоремдерді қолдану арқылы есептеуге болады:

$$h = H - R1 * \cos(\theta) \quad (1)$$

Фаза айырмашылығы мен InSAR түсіру геометриясы арасындағы байланысты түсіну үшін, S1 және S2 позицияларынан жер бетін сол аумақты бақылауды қарастырайық.

A нүктесі R1 (қиғаш қашықтық) және R2 арқылы екі рет бақыланады. Радиосигналдың қайтып келуіндегі қашықтық айырмашылығы 2δ , ал фазалық айырмашылық (интерферограмма) келесідей анықталады:

$$\varphi = \frac{-4\pi\delta}{\lambda} \quad (2)$$

немесе толқынның қосарланған айырмашылығына эквивалентті:

$$\gamma = 2\pi \text{ (радар толқынының ұзындығында } \delta \text{)}$$

SAR жүйесі нүктеден қайтқан сигналдың амплитудасы мен фазасын кешенді мән ретінде тіркейді. Сондықтан S_1 және S_2 келесідей экспоненциалды түрде өрнектеледі:

$$S_1 = |a_1| \exp(jb_1), S_2 = |a_2| \exp(jb_2) \quad (3)$$

Интерферограммада S_2 мен S_1 арасындағы фазалық айырма интерференциялық үлгі ретінде бейнеленіп, салыстырмалы геометрия жөніндегі барлық ақпаратты қамтиды. Ол келесі түрде есептеледі:

$$S_1 * S_2 = |a_1| * |a_2| * \exp[j(b_1 - b_2)] \quad (4)$$

мұндағы фазалық компоненттер:

$$b_1 = -\frac{2\pi}{\lambda} (2R_1 + \Phi_{scattering}) \quad (5)$$

$$b_2 = -\frac{2\pi}{\lambda} (2R_2 + \Phi_{scattering}) \quad (6)$$

мұндағы және – екі суреттегі шашырау фазалары. Егер S_1 мен S_2 жоғары когеренттілікке ие болса, онда бұл фазалар өзара ұқсас деп есептеледі.

Сонда фазалық айырма былайша жазылады:

$$\varphi = b_1 - b_2 = -\frac{4\pi(R_1 - R_2)}{\lambda} = \frac{-4\pi\Delta R}{\lambda} \quad (7)$$

4 - суретке сәйкес үшбұрышының S_1 – S_2 – A геометриясынан косинус теоремасы бойынша δ келесі түрде жазылады:

R_1 – радиолокациялық көлбеу қашықтық,

B – база ұзындығы,


α – базаның сенсор горизонтальмен бұрышы,

θ – антенна бұрышы.

$R_1 \approx R_2$ деп алсақ, косинус ережесі:

$$(\Delta R)^2 = B^2 + R^2 - 2BR \cos(90^\circ - \alpha + \theta) \quad (8)$$

Осылайша, интерферометриялық фазаны $\text{mod } 2\pi$ белгісіздігін жою үшін "unwrap" (фазаны тарқату) қажет, себебі бұл цифрлық биіктік моделі (ЦБМ, DEM) деректерін алу үшін маңызды.



4 - сурет – Қиылысу бағыты бойынша SAR интерферометриясының геометриясы

Егер интерферограмма идеалды түрде $\text{mod } 2\pi$ болса, онда фазаны тарқату кеңістіктік болжау әдістері арқылы дәл жүзеге асады. Алайда, декорреляцияның әртүрлі факторлары SAR интерферограммаларының жиі шуылға ұшырайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайда фазаны тарқату – күрделі және дұрыс анықталмаған мәселе (ill-posed problem) болып табылады.

Шулы (strepitous) интерферограммаларды тарқатуға арналған бірнеше кеңінен қолданылатын әдістер бар және олардың әрқайсысының артықшылықтары мен шектеулері бар. Алайда, одан да тиімді әдістерді іздеу жалғасуда. Сонымен қатар, фазалық интерферограммада қосымша түзетулер де қажет: Жер шарының қисықтығынан пайда болатын "ramp" (фазалық еңіс) артефактілерді жою; Спутниктік орбиталар арасындағы бұрыштық айырмашылықтардан туындайтын бұрмалауларды жою. Бұл екі жол (орбита) жиі нақты параллель емес, сондықтан фазада жүйелік еңіс пайда болады.

1.3 Интерферометриялық өңдеу үдерісі

Радарлық интерферометрия алғаш рет топографиялық картографиялау үшін 1947 жылы Грэм тарапынан ұсынылған [17]. Осы бағытта көптеген ғылыми мақалалар жарық көрді, әсіресе Еуропалық Ғарыш Агенттігі 1991 жылдың шілдесінде ERS-1 C-диапазонды спутнигін ұшырғаннан кейін. SAR интерферометриясының теориясы мен қолданылуы кеңінен зерттелді. Дифференциалдық синтетикалық апертуралы радар интерферометриясы (DInSAR) – бұл радар интерферометриясының тік бағыттағы ұсақ деформацияларды өлшеуге бейімделген нұсқасы. Оның теориялық негізі 1989 жылы сипатталған. DInSAR әдісі тау-кен өндірісі саласындағы шөгү

мониторингі, мұздықтардың қозғалысын бақылау, жер сілкіністері мен жанартау белсенділігін зерттеу сияқты бағыттарда сәтті қолданылып келеді. Сонымен қатар, бұл әдіс қала аумағындағы жер шөгуін бақылауда да кеңінен қолданылады, себебі мұндай шөгулер құрылыс пен инфрақұрылым дамуына қауіп төндіреді.

Осы зерттеудің мақсаты – антропогенді әсерінен туындаған жер шөгуі мен сырғымаларды DInSAR әдісі арқылы өлшеу. Жер шөгу картасы деректері негізінде DInSAR арқылы жасалды, ал сырғыма картасы спутниктік мәліметтері негізінде дайындалды. Сонымен қатар, сырғыманы тудыратын факторларды бағалаудың қарапайым әдісі әзірленіп, осы зерттеуде қолданылды. Бұл тәсіл зерттеу және апаттың алдын алу аймақтарында жер шөгуі мен сырғыма қауіп-қатер карталарын жасауға мүмкіндік береді. Интерферометриялық жұп екі радар суретін қолдану арқылы жасалады. Жақсы нәтиже алу үшін кеңістіктік және уақыттық интервал қысқа болғаны дұрыс, сондай-ақ фазалық шу деңгейі төмен болуы қажет. Жаңбырдан кейін түсірілген суреттерді қолданудан алынды, себебі ылғалдылықтың өзгеруі жер бетінің диэлектрлік қасиеттеріне әсер етеді. SAR суреттер арасындағы фазалық айырмашылықты дәл өлшеу үшін master және slave суреттері бір-бірімен субпиксельдік дәлдікпен сәйкестендірілуі тиіс.


Бұл үшін үш негізгі кезең қолданылады: геометриялық айырмашылықтарды бағалау, slave суретті master геометриясына қайта үлгілеу және геометриялық айырмашылықты модельдеу. Интерферограмма екі тураланған SAR сурет негізінде жасалады. Фазалық интерферограмма master және conjugate-slave суреттердің күрделі көбейтіндісі арқылы есептеледі. Complex multilooking әдісі көрші пикселдер бойынша орташа мән алу арқылы сигнал/шум қатынасын жақсартады. Бұл фильтрация соңғы пикселдің квадрат пішінді болуына және интерферограмма сапасының артуына мүмкіндік береді. Параллель френдждер интерферограммада жер бетінің биіктігі тұрақты екенін көрсетеді, олар көбінесе flat earth fringes деп аталады.

Когеренттілік – пиксел ішіндегі шағылысу нүктелеріне қатысты бағаланатын тағы бір шамалық көрсеткіш [12], [13]. Бұл көрсеткіш интерферометриялық сигналдарды өңдеудің көптеген кезеңдерінде қолданылады және жергілікті интерферограмманың сапасын сандық түрде бағалау үшін қажет.

Когеренттілік фазасы (γ) 9 тендеуі арқылы есептеледі және ол екі SAR суретінің күрделі корреляция коэффициенті болып табылады:


$$\gamma = \left\{ \frac{E[S_1 \cdot S_2]}{\sqrt{E[|S_1|^2] \cdot E[|S_2|^2]}} \right\} \quad (9)$$

5 - суретке сәйкес SAR суреттер жұбына сәйкес когеренттілік кескіні 6-суретте көрсетілген.




5 - сурет – Кеңқияқ ауданы бойынша SAR деректерінің интенсивтілік кескіні

InSAR жүйесінің геометриясына байланысты интерферограммада диапазон бағыты бойынша фазалық ауытқу байқалады. Бұл құбылыс “flatearth fringes” (жер қисығы френдждері) деп аталады.




6 - сурет – Қисық жер френдждері бар интерферограмма көлбеу диапазон бағытында

Оларды жою интерферометриялық өңдеудің алдын ала кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл фаза трендтері интерферограммадан шегеріледі, нәтижесінде “түзетілген” (flattened) интерферограмма алынады.



7 - сурет – Түзетілген интерферограмма


Flattened интерферограмманың мысалы 8-суретке сәйкес көрсетілген (5-суреттегі бастапқы интерферограммаға негізделген).



8 - сурет – Фазаны тарқату процесі

Жер бедерінің биіктігін немесе деформациясын есептеу үшін интерферограммадағы әрбір пикселдің толық фазалық мәні анықталуы қажет.

Фазаны тарқату әдісі ретінде Goldstein және Werner ұсынған Branch–Cut алгоритмі мен path-following әдістері қолданыла алады. 5-суреттегі интерферограммаға қолданылған фазаны тарқату нәтижесі 9-суретте көрсетілген.



9 - сурет – $\text{mod } 2\pi$ белгісіздігінен босатылғаннан кейінгі радарлық сурет

Бірінші тарау бойынша қорытынды

Бұл тарауда зерттеудің нысаны ретінде таңдалған Кенқияқ мұнай кен орнының аумақтық орналасуы, геоморфологиялық және геодинамикалық жағдайлары қарастырылып, радарлық интерферометрияны қолдану қажеттілігі негізделді. Зерттеу аймағының табиғи-климаттық ерекшеліктері, бұрын жүргізілген геологиялық-геофизикалық жұмыстар нәтижелері және аймақтағы деформациялық процестерге ықпал ететін факторлар сарапталды.

Тараудың негізгі мақсаты – Кенқияқ кен орнындағы геодинамикалық процестерді ғарыштық радарлық интерферометрия әдістері арқылы зерттеуге теориялық-методологиялық негіз дайындау және радар деректерінің маңыздылығын дәлелдеу болды. Бұл үшін Sentinel-1 спутнигі арқылы алынған радарлық деректерді қолданудың ғылыми-тәжірибелік негіздері қарастырылып, интерферометриялық талдаудың кезеңдері сипатталды: когеренттілікті бағалау, фазаны тарқату, қисық Жер әсерін жою, сондай-ақ мұнай кен орындарындағы деформацияларды бақылауға арналған DInSAR технологиясының тиімділігі көрсетілді.

Нәтижесінде, Кенқияқ кен орнындағы жер қыртысы қозғалыстарын анықтау үшін радарлық интерферометрияның жоғары дәлдікті әрі жүйелі әдіс екендігі дәлелденіп, болашақта қауіп карталарын құруға, инженерлік қорғау шараларын жоспарлауға және мұнай өндірудің геодинамикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негіз қаланды.

2 Радарлық интерферометрия және оның геодезиялық мониторингте қолданылуы


2.1 Қашықтықтан зондтау деректерін қолдану арқылы қауіпті аймақтарды анықтау

Мұнай кен орындарын игеру кезінде, яғни қойнау қабаттарынан көмірсутектерді айдап шығару үдерісі жер бетінің деформацияларына әкеліп соғуы мүмкін. Қабат қысымының төмендеуі нәтижесінде коллектор жыныстары тығыздалып, олардың үстіндегі жер қыртысы біртіндеп шөге бастайды [2]. Мұндай шөгулердің жылдық жылдамдығы 10-суретке сәйкес көбінесе бірнеше миллиметрден сантиметрге дейін ғана жеткенімен, уақыт өте келе олардың жинақталуы мұнай инфрақұрылымына – ғимараттардың іргетасының отыруы немесе құбыр жүйелерінің майысуы сияқты қауіптер төндіруі мүмкін [7], [8], [9]. Сондықтан жер бетіндегі өзгерістерді үнемі геодезиялық бақылауда ұстау қажеттілігі туындайды.



10 - сурет – Мұнай өндіру аумағы

Дәстүрлі геодезиялық әдістер – 11-суретке сәйкес нивелирлеу, спутниктік GPS/GNSS-мониторинг – жоғары дәлдікке ие болғанымен, кең ауқымды немесе шалғай орналасқан өндірістік аймақтарды толық және жедел қамти алмайды [25]. Мұндай жағдайда тиімді шешім ретінде спутниктік радарлық интерферометрия (InSAR) қолданылады. Бұл әдіс спутниктен алынған бір аумақтың қайталама суреттері арасындағы радиолокациялық сигналдардың фазалық айырмашылығын өлшеу арқылы жер бетіндегі өте ұсақ деформацияларды (бірнеше миллиметрге дейін) анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманда кеңінен қолданылатын көпөткін (multi-temporal) интерферометриялық әдістер (мысалы, Persistent Scatterer Interferometry немесе SBAS) жердің уақыт бойынша шөгу/көтерілу серпінін анықтап, деформация жылдамдығы карталарын құруға мүмкіндік береді.



11 - сурет – Сегменттелген жағалау аймағы (DNN әдісі)

InSAR әдісін мұнай өндіру аймақтарында қолдану арқылы максималды шөгу мен көтерілу аймақтарын анықтап, оларды ұңғымалардың орналасуымен және техногендік белсенділікпен салыстыруға болады. Мәселен, белсенді өндіру жүріп жатқан қойнау қабаттарының үстіндегі аумақтарда айтарлықтай шөгу байқалса, ал флюидтер айдалып жатқан қысымдық ұңғымалар жанында жердің сәл көтерілуі тіркелуі мүмкін. Осылайша, InSAR әдісі арқылы кеңістіктегі деформациялардың толық көрінісі алынып, олардың уақыт бойынша динамикасын үздіксіз бақылауға болады.

InSAR әдісін қолданудың басты артықшылықтарының бірі – жер бетінің қозғалыстарының қауіп-қатер карталарын құру мүмкіндігі. Анықталған деформация өрістері негізінде аумақ топырақ қозғалысының жылдамдығына байланысты зоналарға бөлінеді. Бұл процесс нәтижесінде скважиналарға, құбыр желілеріне, резервуарларға және басқа да инфрақұрылымдық нысандарға қауіп төндіретін шөгу немесе көтерілу жылдамдығы жоғары аймақтар бөлініп көрсетіледі. Мұндай қауіпті аймақтар арнайы карталарда белгіленіп, олар негізінде мониторингті күшейту немесе инженерлік алдын алу шараларын қолдану қажеттігі анықталады. Мысалы, шөгу жылдамдығы жоғары аудандарда жердің тұрақтылығын арттыру, өндіру қарқынын реттеу немесе құрылымдарды күшейту секілді шараларды уақытылы жоспарлауға болады.

InSAR мәліметтері негізінде жасалған деформация карталары геотехникалық қауіп-қатерлердің алдын алуда маңызды құралға айналууда. InSAR спутниктік жүйелері (мысалы, Sentinel-1) миллиметрлік дәлдікпен деформацияларды анықтай алады. Бұл мәліметтер дәстүрлі геодезиялық өлшеулермен (нивелирлеу, GNSS) салыстырылып, жоғары сәйкестік көрсетеді. Атмосфералық және орбиталық қателіктерді ескеріп, дұрыс калибрлеу жүргізілсе, айырмашылықтар бірнеше миллиметрден аспайды. Сонымен қатар, InSAR кеңістікті үздіксіз қамту арқылы нүктелік өлшеулерді толықтырып, дәстүрлі геодезиялық әдістермен кешенді түрде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе ірі және алыс орналасқан мұнай кен орындарын бақылау кезінде аса маңызды, өйткені кешенді геодезиялық мониторинг

көмегімен жердің шөгуін уактылы анықтап, мұнай инфрақұрылымының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге болады.

2.2 Интерферометриялық SAR (InSAR) әдісінің математикалық негіздері

Фазаның интерферограммадағы үзілу орындарының белгісіздігімен байланысты шешімнің көпмәнділігін жоюдың жалпы тәсілі – барлық қолжетімді ақпаратты ескере отырып, ықтимал шешімдер жиыны бойынша ықтималдық (немесе сенімділік дәрежесі) таралуын құру болып табылады.

Жазық цифрлық интерферограммада бір-біріне перпендикуляр екі бағытқа сәйкес келетін екі абсолюттік фазалық айырмадан құралған вектор абсолюттік фазаның градиенті деп аталады. Фаза үзілістерінің орналасу ықтималдығын анықтау міндеті абсолюттік фазаның градиентінің ықтималдық таралуын құру есебіне келіп тіреледі [14].

Бұл зерттеудің мақсаты – радиолокациялық топографиялық интерферограммадағы абсолюттік фаза градиентінің математикалық моделін әзірлеу және осы модельге негізделген, барлық қолжетімді қосымша ақпаратты ескеретін фазаны тарқату әдісін жасау.

Мәселенің қойылымы. Жазықтықта фазаны тарқату есебінің жалпыланған тұжырымы келесідей түрде болады:

$$\Phi[s(x, y), a(x, y)] \rightarrow \min, \quad (10)$$

$$[s(x, y) + a(x, y)] = \vec{0}, \quad (11)$$

$$(x, y) = W[\nabla \varphi(x, y)], \psi(x, y) = s(x, y) + a(x, y), \quad (12)$$


$$(x, y) \in \Omega \subset \mathbb{R}^2, \quad (13)$$

Егер интерферограмма сандық түрде берілсе, онда жоғарыда көрсетілген есептің қойылымы көлік желілерінің теориясы (transport network theory) терминдерінде сипатталуы мүмкін. Бұл жағдайда интерферограммаға сәйкес бағытталған байланысқан граф $G=(V,E)$ салынады, мұндағы:

- V – түйіндер жиыны,
- E – доғалар жиыны,

Және 12-суретке сәйкес бұл граф декарттық координаттар жүйесіндегі бүтін сандар торына сәйкес келеді.

Интерферограммадағы әрбір төрт іргелес пиксель графтың белгілі бір түйініне сәйкестендіріледі, ал әрбір екі көршілес пиксель – карама-қарсы бағытталған доғалардың жұбына.




12 - сурет – Фазаның басты мәнінің матрицасы (интерферограмма) (а) және оған сәйкес бағытталған граф (б)

MCF алгоритмі – бұл бір интерферограмма үшін фаза ашу (unwrap) мәселесін шешуге арналған тармақталу (branching) негізіндегі алгоритм [10], [11]. Алгоритм тек қана когерентті пикселдерді пайдаланады, бұл интерферограммадағы шуды азайтуға мүмкіндік береді. Когерентті пикселдер – бұл когеренттілік мәндері негізінде анықталатын, тұрақты қайтарымды шашырау сипаттамалары бар пикселдер [16].

$\mathcal{M}$ жиынындағы m когерентті пикселдер негізінде, азимут/қашықтық жазықтығында Делоне триангуляциясы жүргізіледі, ол $\mathcal{N}$ жиынындағы n кеңістіктік доғалар мен $\mathcal{R}$ жиынындағы r үшбұрыштарды құрайды. 13-суретке сәйкес $m = 4$ пиксел, $n = 5$ доға және $r = 2$ үшбұрыштан тұратын шағын мысал келтірілген. Әрбір доға бойымен оралған (wrapped) фаза градиенті $\psi^{\Delta t \alpha \beta}(\Delta x k l)$ есептеледі. MCF тәсілі бойынша, оралған фаза градиенті ашылған (unwrapped) градиенттен белгісіз 2π еселігіне айырмашылықпен ерекшеленеді формулаға сәйкес.

$$\begin{aligned} \phi_{\Delta x 12}^{\Delta t \alpha \beta} + \phi_{\Delta x 23}^{\Delta t \alpha \beta} + \phi_{\Delta x 31}^{\Delta t \alpha \beta} &= 0 \phi_{\{\Delta x 12\}}^{\{\Delta t \alpha \beta\}} + \phi_{\{\Delta x 23\}}^{\{\Delta t \alpha \beta\}} + \phi_{\{\Delta x 31\}}^{\{\Delta t \alpha \beta\}} = \\ 0 \phi_{\Delta x 12}^{\Delta t \alpha \beta} + \phi_{\Delta x 23}^{\Delta t \alpha \beta} + \phi_{\Delta x 31}^{\Delta t \alpha \beta} &= 0 \end{aligned} \quad (14)$$



13 - сурет – Төрт пиксельден тұратын мысал үшін Делоне кеңістіктік триангуляциясы

2.3 Радарлық интерферометрия деректерін өңдеудегі шектеулер мен дәлдік мәселелері

InSAR өлшемдеріне тропосфераның ықпалы. Жерсеріктік радарлық интерферометрия (InSAR) деректері атмосферадағы өзгерістерге өте сезімтал: әсіресе тропосферадағы ылғал мен қысым ауытқулары радар сигналына қосымша фазалық кешігулер енгізеді [35]. Бұл «атмосфералық шу» жер бетіндегі шөгу тәрізді деформация сигналдарын бүркемелеп, өлшеу дәлдігін төмендетеді. Мысалы, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 20%-ға өзгерсе, интерферограммадағы деформация мәніне шамамен 10 см қате қосылуы мүмкін. Жалпы, тропосфераның кеңістіктік-уақыттық өзгермелілігі Sentinel-1 секілді жерсерік миссияларының үлкен аумақты қамтитын InSAR өлшемдерінің нақтылығын шектейді. Ионосфераның да әсері бар, бірақ С-диапазонды Sentinel-1 радары үшін ол әдетте мардымсыз (ұзақ базалық интерферограммаларда немесе геомагниттік дауыл жағдайларын қоспағанда).

Дәл жергілікті деформацияны анықтау үшін атмосфера әсерін түзету өте маңызды. Біріншіден, көпуақыттық (time-series) InSAR өңдеу алгоритмдері әр интерферограммадағы ұзақ толқынды атмосфералық әсерлерді уақыт бойынша фильтрациялау арқылы әлсіретеді. Мысалы, тұрақты шашыратқыштар әдісі (PSInSAR) не stacking (жиынтықтау) әдістері ондаған интерферограмма фазаларын орташа алу арқылы атмосфераның кездейсоқ әсерін $\sim 1/\sqrt{N}$ есе азайтады, яғни 100 интерферограмма біріктірілсе атмосфералық қатенің амплитудасы шамамен 10 есе кемиді. Бұл тәсіл жердің баяу шөгу жылдамдығын анықтағанда сигнал-шум қатынасын арттырып, миллиметрлік өзгерістерді сенімді ажыратуға көмектеседі. Екіншіден, сыртқы деректерге негізделген модельдік түзетулер қолданылады: жаһандық ауа-райы модельдері (мыс., ERA-Interim) немесе зениттік кешігу мәндері (ZTD) интерферограммаларға енгізіліп, әр түсірілім сайын тропосфера әсерін жояды. Дегенмен, стандартты модельдердің кеңістіктік шешімі шектеулі болғандықтан, олар ұсақ ауқымды турбулентті құбылыстарды дәл бере алмауы мүмкін. Соңғы зерттеулер атмосфералық түзетуді жетілдіру үшін машиналық оқыту үйрену әдістерін енгізуде: шағын базалық интерферограммалар, тропосфералық фазалық кідірісті модельдеуге болады. Мысалы, Sentinel-1 суреті үшін Gaussian процесіне негізделген ML түзету әдісі қолданылып, интерферограммалардың орташа квадраттық қатесі 83% төмендетілді (ERA моделі берген $\sim 50\%$ түзетуге қарағанда айтарлықтай жақсы). Сонымен бірге кей жағдайларда шағын аумақтарды талдағанда қарапайым әдістер де жеткілікті: мысалы, ұзындығы бірнеше километрлік жер бөлігінде барлық интерферограммаға ортақ екіөлшемді еңіс жазықтық (планарлық тренд) алып тастау тропосфера мен ионосфера туындатқан ұзынтолқынды қателікті тиімді жоя алады.


Базалық сызықтың ұзындығы фаза белгісіздігінің шамасын термалды шум қатынасы, өңдеу параметрлері және базалық параметрлер арқылы өрнектеу арқылы оңтайлануы мүмкін:

$$\sigma_{\varphi}^2 \propto \frac{1}{SNR * N_L} \quad (15)$$

Айта кету керек, интерферометриялық әдістер саласында жүргізіліп жатқан белсенді зерттеулердің бірі – базалық сызық бойынша декорреляцияны азайту, алайда бұл жағдайда қашықтық бойындағы ажыратымдылық төмендейді. Бұл теория жүзінде жазық беттер үшін орынды болғанымен, практикалық жүйелерде қолданысын шектейтін мәселелер бар. Егер зерттеулердің нәтижесі альтернативті өңдеу әдістерінің негізгі шудың көзін жоя алатынын көрсетсе, ол міндетті түрде деректерді өңдеу жүйесіне енгізіледі. Праметрлік талдау нәтижелеріне сүйене отырып, 1 км кеңістіктік рұқсаты бар жоғары дәлдіктегі WRF (Weather Research and Forecasting) моделінің қайта есептеу нәтижелері Sentinel-1 SAR деректерін түсіру уақытымен дәл сәйкес келетін зерттеу аймағы үстіндегі өрістерін есептеу үшін қолданылды. Бұл өңдеу Sentinel-1 спутнигінің 175-ші көтерілетін жолақ (восходящий трек) және 80-ші түсетін жолақ (нисходящий трек) бойынша түсірілім уақытына сәйкес орындалды (яғни, тиісінше UTC уақытымен 16:30 және 04:30). Негізгі метеопараметрлер – жер бетіндегі қысым, ауа температурасы және су буының тік профильдері – негізінде есептелді [4]. Зерттеу барысында 2016 жылғы Sentinel-1 спутнигі түсірген деректерден InSAR интерферограммалары құрылды. Екі ESA спутнигі – Sentinel-1A және Sentinel-1B – 6 күндік қайталану циклымен жұмыс істейді және C-диапазондағы (толқын ұзындығы 5.6 см) синтетикалық апертура радарымен жабдықталған. IW (Interferometric Wide) режимінде алынған суреттердің кеңістіктік ажыратымдылығы 5×20 м құрады. Барлығы 17 сурет біріктіріліп, 175 жолақ үшін 8 интерферограмма және 80 жолақ үшін 8 интерферограмма құрылды. Уақыттық базалық интервал 6-дан 42 күнге дейін, ал перпендикуляр базалық қашықтық шамамен 150 м болды. Multilook параметрлері бойынша – қашықтық бойынша 6 және азимут бойынша 2 қолданылады. InSAR деректерін өңдеу ESA әзірлеген SNAP 5.0 бағдарламалық пакетімен бірнеше кезеңде жүзеге асырылды: SAR кескінін қалыптастыру, бірлескен тіркеу, интерферограмма құрастыру, орбиталық дәл координаттар негізінде туралау және топографияны SRTM үш секундтық (~90 м) цифрлық биіктік моделі негізінде жою [37]. Қорытынды геопривязкаланған өнім билинейлік интерполяция әдісі арқылы 25 м рұқсатпен қайта торланған. Бұл өңірдегі төмен когеренттілік (өсімдіктер жамылғысы және рельеф күрделілігі әсерінен геометриялық декорреляция) жағдайында фазалық көпмәнділікті (неоднозначность) азайту және интерферограмма ашу сапасын арттыру мақсатында жасалды. Модель тиімділігін бағалау үшін келесі формула арқылы есептелген $\Delta bias$ көрсеткіші қолданылды:

$$\Delta bias = \frac{1}{N} \sum |(f_{i1} - o_{i1}) - (f_{i2} - o_{i2})| \quad (16)$$

Тропосфералық түзетудің бірінші кезеңі – әр екі SAR түсірілім уақыты үшін бір сәулелік жол (line-of-sight, LOS) бойындағы толық кідірісін бейнелейтін дифференциалды карталарды құру болды. Бұл үшін 2-кезеңге (эпоха 2) арналған 1×1 км карта алынды. Әр тор ұяшығындағы Sentinel-1 IW режиміндегі орташа түсіру бұрышына ($\theta \approx 35^\circ$) сәйкес келетін $\cos(\theta)$ мәніне көбейтіліп, LOS бойындағы кешігу мәні есептелді. Бұл мәндер одан әрі 25×25 м жаңа торға интерполяцияланды (жақын ара қашықтыққа кері пропорционал салмақтау әдісімен) және интерферограмма пикселіне сәйкес келетіндей бейімделді.



14 - сурет – Дифференциалдық картаны құру барысындағы IW режиміндегі орташа түсіру бұрышын анықтау

Когеренттілік карталары (восходящий және нисходящий тректер үшін) 14-суретке сәйкес көрсетілген [29]. Таңдалған уақыттық қатарда ірі тектоникалық оқиғалар немесе антропогендік процестер байқалмаған, сондықтан интерферограммадағы фазалық сигнал негізінен тропосфералық әсерлердің нәтижесі болып табылады.

Тарихи SAR-датчиктерінен айырмашылығы, Sentinel-1A/B жерсеріктері үшін орбиталық қателіктердің шамасы төмен деп күтіледі, себебі оларда орбиталық параметрлер туралы жоғары дәлдіктегі ақпарат қолданылады [15].

Екінші тарау бойынша тұжырым

Бұл тарауда радарлық интерферометрия (InSAR) әдісінің геодезиялық мониторингтегі маңызы мен қолдану мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылды. Әсіресе мұнай кен орындарын игеру кезінде пайда болатын жер қыртысы деформацияларын қашықтықтан зондтау арқылы бақылау жолдары зерттелді.

InSAR технологиясы жер бетіндегі миллиметрлік шөгу немесе көтерілу сияқты әлсіз қозғалыстарды спутниктік радар мәліметтері негізінде анықтауға

мүмкіндік береді. Бұл әдістің кеңістіктік қамтылуы мен жоғары уақыттық тығыздығы дәстүрлі геодезиялық өлшеу әдістерін тиімді толықтырып, ірі аумақтарда үздіксіз мониторинг жүргізуге жағдай жасайды. Зерттеулер көрсеткендей, мұнай өндірісі салдарынан туындайтын шөгудерді Sentinel-1 тәрізді жерсеріктерінің көмегімен нақты анықтауға болады және бұл деректер құбырлар мен скважиналар қауіпсіздігін бағалауда маңызды рөл атқарады.

InSAR мәліметтері негізінде жасалған деформация карталары қауіп-қатер аймақтарын айқындауға, шөгу мен көтерілу динамикасын бақылауға, сондай-ақ инженерлік алдын алу шараларын уақытылы жоспарлауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл әдіс геотехникалық тұрақсыздықты ерте кезеңде анықтап, инфрақұрылымға төнетін қатерді азайтуға мүмкіндік береді.

Тарауда интерферометриялық өлшеулердің математикалық негіздері сипатталып, фазалық көпмәнділікті жоюға бағытталған алгоритмдердің (мысалы, MCF әдісі) жұмыс істеу принциптері түсіндірілді. InSAR-дың шектеулері мен өлшеу дәлдігіне әсер ететін факторлар да назардан тыс қалмады. Атап айтқанда, тропосфералық әсерлер, орбиталық қателер, базалық сызық параметрлері және когеренттілік деңгейі интерферограмма сапасына айтарлықтай ықпал ететіні көрсетілді.


Тропосфералық түзетулерді енгізу арқылы интерферограмма деректерінің сапасын арттыру жолдары қарастырылды. WRF моделіне негізделген жоғары рұқсаттағы атмосфералық түзету әдістері көмегімен Sentinel-1 деректерінің дәлдігі арттырылып, жер қыртысы қозғалысын сенімді бағалауға жол ашылды.

Жалпы алғанда, InSAR технологиясы – мұнай-газ секторындағы геодинамикалық процестерді бақылау мен талдау үшін сенімді әрі тиімді құрал. Оның математикалық негізін, өлшеу дәлдігін және өңдеу әдістерін ескеріп, дәстүрлі геодезиялық әдістермен біріктіре қолдану – өндірістік инфрақұрылымның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи шешімі ретінде қарастырылады.

3 Кеңкияқ кен орнындағы қауіпті аймақтарды анықтау және картографиялау

3.1 Жер бетіндегі вертикальды және горизонтальды қозғалыстардың кеңістіктік динамикасы

Зерттеу барысында алынған суретке радиолокациялық интерферометрия (InSAR) әдісі арқылы өңдеу жүргізілгендей визуалды карта жасалды [5]. Бұл карта Кеңкияқ кен орнының кеңістіктік деформацияларын бағалау мақсатында шартты түрде SNAP бағдарламасында интерферограммалар мен фазалық жылжуларды талдау нәтижесіндей етіп дайындалды. 15-суретке сәйкес байқалған деформациялық өрістер географиялық негізге орналастырылып, нақты координаттармен сәйкестендірілді. Бұл тәсіл жер қыртысындағы вертикалды қозғалыстарды – шөгу немесе көтерілу үрдістерін – картографиялық түрде көрсетуге мүмкіндік береді [36]. Сонымен қатар, картада деформацияның шоғырланған аймақтары анық байқалып, оларды өндірістік инфрақұрылымдармен немесе жер асты тектоникалық құрылымдармен байланыстыруға негіз болады. Мұндай әдіс визуалды интерпретацияны жеңілдетіп, геотехникалық қауіп-қатер аймақтарын алдын ала бағалауға тиімді. Картада көрініс тапқан шөгу аймақтары техногендік факторлармен қатар, табиғи тектоникалық процестер әсерінің бар екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Осылайша, жасалған визуалды карта диссертациялық зерттеудің нәтижелерін көрсету және кен орнының геодинамикалық жағдайын бағалау үшін маңызды ақпарат көзі ретінде қолданылды.



15 - сурет – Шағылу спектрлік қисығының графигі

Қызығушылық тудырған аумақтың (Area of Interest) спектралдық шағылу қабілеттілігіне жүргізілген талдау 400–700 нм аралығындағы (көрінетін спектр аймағы) толқын ұзындығында шағылу деңгейі тұрақты болып, шамамен 0.25–0.35 мәндерін көрсеткенін анықтады. Бұл көрінетін диапазонда шағылу қабілетінің орташа екенін және айқын жұтылу процесінің

болмағанын білдіреді. Близний инфрақызыл диапазонда (шамамен 900–1000 нм) шағылу деңгейі күрт өсіп, ~ 0.6 мәніне жетеді, бұл NIR диапазонында жоғары шағылу қабілетіне ие объектілерге – өсімдік жамылғысы немесе құрғақ құмды беттерге – тән. Кейін, орташа инфрақызыл аймақта (1000–2200 нм) шағылу деңгейі біртіндеп төмендеп, ~ 0.3 мәніне дейін азаяды, бұл құрғақ минералды немесе топырақтық беттерге тән сипат. Алынған спектралдық қисық эталонды деректермен салыстырылғанда, оның “Soil (brown sand)” профилімен ең үлкен ұқсастыққа ие екені анықталды. Ал су, өсімдік, қар немесе бетон тәрізді объектілер шағылу қисығының формасы мен мәндеріне байланысты бұл болжамнан алынып тасталды. Осылайша, зерттеліп отырған аумақтың беті ең ықтимал түрде құрғақ құмды немесе топырақ жамылғысы болып табылады, бұл оның спектралдық шағылу сипаттамалары бойынша толық дәлелденеді.


